

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Сейсенбі – Бейсенбі МАД тобы "Толагай"

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Балалардың іс-әрекеті
<p>Алғашқы ән сабагына лайық көтерінкі көңіл күймен, жарқын музыка үніне лайық қадаммен, музыка залына келеді.</p> <p>Шаттық шенберін құрып, бір-біріне жылы лебіздерін, алақандарының жылуын жеткізу.</p> <p>-Міне, бұғін жазғы демалыс аяқталып, оқу іс-әрекетінің басталған күні. бір жасқа үлкейіп, есіп, жаңа топқа келіп отырсындар. Қадамдарың құтты болсын, дендерің сау болып есе беріндер.</p> <p>-Балалар, бұғін алғашқы білім күні. Осы кезден бастап дүниені жан-жақты тани, көре, сезіне білудерің керек. Біздің қазақ халқы кең далада жүріп, қазақтың киелі аспабы-домбырамен үшқан құстың, табиғаттың, адамның бойындағы түрлі құбылыстарды ұғындыра білген. Күй-қазақтың ертеден келе жатқан аспаптық музыкасы.</p> <p>Музыка тыңдау: «Қосалқа» (Дәүлеткерей).</p> <p>-Балалар, музыка қандай көңіл күйде жазылған?</p> <p>-Күйді ести отырып, көз алдарыңа нені елестеттіндер?</p> <p>-Күй тыңдай отырып, белгілі бір оқиғаны елестетуге бола ма? Бұл күйде композитор әсем көріністі суреттеген. Сыңғыраған қыздардың шашбаулаresын, сырғаларын, әсем жүрістерін суреттеген.</p> <p>Ән айту: «Білімің-бұлағым» (сөзі мен муз. Т.Қоңыратбай).</p> <p>-Білім деген сөздің өзі дүниені, әлемді, табиғатты тану, білу. Білімді адам-жан-жақты адам. Сондай білімді болу қажет. Ән айттар алдында дауысты қалыпқа келтіріп, ән айту ережелерін естен шыгармайық.</p> <p>Ойын: «Айгөлек»</p> <p>Би: «Жұптасу би.</p>	<p>Балалар көңілді әуенмен залға келеді.</p> <p>Балалар жазғы демалыстары жайлы әңгімелеп береді.</p> <p>Балалар жазғы демалыстары туралы әңгімелеп алады.</p> <p>Балалар музыканы тыңдал болғасын, өз жеткізуге тырысады.</p> <p>Балалар білім туралы білгендерін жеткізуге тырысады.</p> <p>Балалар екі топқа бөлініп, ойынның мәтінін әуенмен айта жүріп, ойынды жалғастырады.</p> <p>Балалар әуенмен бірге қимылдар жасауға тырысады.</p>

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: Білім не үшін керек екенін, білімді адам қандай болатынын. «Білім, бұлак» деген түсініктерді.

Игереді: Әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату.

Менгереді: Халық әндерін орындай отырып, қимылды ойын ойнауды, жұптаса би қимылдарын жасау дағдыларын.

(11.09.-15.09.2023ж) «Жауқазын» бөбекшай бақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеуколова А.Ж

Әдіскер: Шамғанова С. О. алғаштады 11.09.2023 ж.

Тәрбиелену - білім беру процесінің циклограммасы
Сейсенбі – Бейсенбі МАД тобы "Толагай"

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Балалардың іс-әрекеті
	<p>Көңілді әуенмен, музыка залында қарсы алады. Шеңбер бойымен жеңіл әуенге ілесіп, аяқты жеңіл көтеріп жүгіру.</p> <p>Балалар, біз сөзді оқығанда, әріптерді бір біріне қосып, байланыстырып оқимыз, ал, ән салғанда әнді нотамен айтамыз. Нота дегеніміз музыка дыбыстарын қағаз бетіне жазатын белгі. Әнnota арқылы жазылады.</p> <p>Музыка тындау: «Гүлдерайым» (қазақтың халық әні).</p> <p>Балалар, музыка қандай көңіл күйде жазылған? «Гүлдерайым» лирикалық ән. Бұл арманына жете алмаған жігіттің әні. Халық өзінің жақсы көретін адамының атына, жер, суға арнап ән жазған. Бұл әндер ауызша айтылып, әнді шығарған адам ұмытылып, «халық әні аталып кеткен.</p> <p>Дауыс жаттығуы: «До, ре, ми»</p> <p>Ән айту: «Алтын күз» әні мен сөзі: Б. Бейсенова Нота аттарын атау. До, ре, ми, фа, соль, ля, си. Қазақ тілінде 42 әріп болса нотада 7 нота болады. Әннің мәтінін әуенге қосып үйрету.</p> <p>Музыкалық-ырғактық қимылдар: «Нotalарды үйренейік» «Сольфеджио» балаларға нота туралы мәлімет бере отырып, нотаның орналасуына қарай, нота дыбысын табуға дағдыландыру. Билер: «Жұптасу би. Өткен сабактағы үйреткен қимылдарды қайталап, жаңадан келесі бөлігін жалғастырып, қорытындылау. Қын қимылдарды көбірек жаттығу.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы: Халық әні «Еркем-ай» Сылдырмақтармен ойнау. Домбыра аспабымен таныстыру. Аспаптың дыбысталу тембрін ажырату.</p>	<p>Балалар музыка әуенімен залға келіп шаттық шеңберін жасайды.</p> <p>Балалар нота сауаты туралы мағлұмат алады.. Балалар әннің не туралы айтылғанын түсініп, нота аттарын естеріне сақтауға талпынады.</p>

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: Нота сауаты туралы мағлұмат

Игереді: Нота, нота сызықтары туралы түсініктерді..

Менгереді: Музыка аспаптарымен әуенге қосылып ойнауды.

Ойынды түсіне отырып, айтуға тырысады. Балалар би қимылдарын ырғакқа сәйкес жасауға тырысады. Жұптарымен бірге қимылдайды.

Балалар музыкалық аспаптарды қызығып ойнайды.

(18.09.-22.09.2023ж) «Жауқазын» бөбекжай бақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж

Әдіскер: Шамғанова С. О. Салған 18.09.2023 ж.

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Сейсенбі – Бейсенбі МАД тобы "Толагай"**

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Балалардың іс-әрекеті
	<p>Көңілді әуенмен, музыка залында қарсы алады. Шенбер бойымен жеңіл әуенге ілесіп, аяқты жеңіл көтеріп жүгіру.</p> <p>-Сәнді киім киіп, түрлі би билейтін адамдарды концерттен, теледидардан көріп жүрсіндер. Оларды <u>биші</u> деп атайды. – би ұлттық би, түрлі халықтар билері болып бөлінеді.</p> <p>Музыка тындау: «Вальс, Полька, Қамажай»</p> <p>Вальс-жүптасып, үдемелі айналуда өтетін би.</p> <p>Полька - жеңіл, аяқты тізеден көтере секіріп билейтін би түрі.</p> <p>Қамажай - қазақ халқының ұлттық би. Көбінесе аяқты шалыс баса жүріп, жұн тұту, ұршық іру, киіз басу, айнаға қарау секілді қимылдармен тұрмыстық қимылдар жасайды. Өткен сабактағы әндерді еске түсіріп, қайталату. Ән айттар алдында, алдымен ережелерді еске түсірейік.</p> <p>Дауыс жаттығуы: «До, ре, ми»</p> <p>Ән үйрену: «Көңілді балалар әні» (Б.Дәлденбай. Е. Өтетілеуұлы), Әнде не туралы айттылған? Ән көңілді ме көңілсіз бе? Көңілді әндерді мажорлы, көңілсіз әндерді минорлы дейміз. Біздің айтқан әніміз қайсысына жатады?</p> <p>Ойын: «Ән салған кім?» (А.Райымқұлова. А.Асылбек.) Балалар шенбер құрып отырады. Бір бала шеттен, теріс қарап отырады. Балалардың жеке ән салғанын тындалап, кім екенін табу.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: топты үшке бөліп, біріншісіне вальс, екіншісіне полька, үшінші топқа Қамажай ырғағының қимылдарын жасату.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы: Бубен аспабымен таныстыру.</p> <p>Халық әні «Еркем-ай» Сылдырмақтармен ойнау. асатаяқ. (Көрсету). Асатаяқ - сілкіп ойналатын аспап. Оған әртүрлі сылдырмақты, қоңыраулы әшекейлер қадайды.</p>	<p>Балалар музыка әуенімен залға келеді.</p> <p>Өткен іс-әрекет кезіндегі айтқан әндерді еске түсіру. Әндерді көңілді, көңілсіз әндерді ажыратады.</p> <p>Дауыс тембріне сәйкес достарының дауыстарын дәл табуға тырысады.</p> <p>Балалар әуенмен бірге би қимылдарын жасауға тырысады.</p> <p>Ойынды түсіне отырып, айтуға тырысады. Балалар би қимылдарын ырғаққа сәйкес жасауға тырысады. Жүптарымен бірге қимылдайды.</p>

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: Дауыс тембріне сәйкес балалардың дауыстарын ажыратада біледі.

Игереді: Вальс, Полька, Қамажай деген түсініктерді.

Менгереді: Түрлі би элементтеріне сай қимыл жасауды

(25.09.-29.09.2023ж) «Жауқазын» бөбекжай бақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж

Әдіскер: Шамғанова С. О. аллахум 25.09.2023 ж.

Тәрбиелeu - білім беру процесінің циклограммасы
Сейсенбі – Бейсенбі МАД тобы "Толагай"

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Балалардың іс-әрекеті
	<p>Көнілді әуенмен, музыка залында қарсы алады. Шеңбер бойымен жеңіл әуенге ілесіп, аяқты жеңіл көтеріп жүгіру.</p> <p>Шаттық шеңберін жасау. Күзім-ау, күзім-ау, Мінезің бұзық ау.</p> <p>Жаңбырың сіркіреп, Келгенің қызық-ау.</p> <p>Балалар, жылдың қай мезгілі? Ая-райы қандай? Табиғатта қандай құбылыстарды байқадындар? Күзді қалай атауға болады? Күзде жауын көп жауып, күн сұтады. Күзді көбінесе «Алтын күз», «Жомарт күз» деп атайды.</p> <p>Дауыс жаттығуы: Домбыра жаттығуы. Домбыра, домбыра, Құлағын оң бұра! «Р» дыбысын анық, таза айтуға дағдыландырады.</p> <p>Ән айту: «Алтын күз» (Б. Бисенова). Әнді музыка жетекшісі орындан беріп, үйретеді. Енді, балалар, қазақтың киелі аспабы домбырамен танысадындар. Қазақтың ерте заманнан келе жатқан көне музыкалық аспабының бірі – домбыра.</p> <p>Музыка тыңдау «Балбырауын» (Құрманғазы).</p> <p>Құрманғазы- күй атасы дейміз.</p> <p>Күй қалай орындалды? Көнілді ме, көнілсіз бе?</p> <p>Музыкалық-ыргактық қимылдар:</p> <p>Асатаяқ -сілкіп ойналатын аспап. Оған әртүрлі сұлдырмақты, қоныраулы әшекейлер қадайды.</p> <p>Музыкалық аспапта ойнау: «Еркемай»</p>	<p>Балалар көнілді әуенмен залға келіп, шаттық шеңберін құрады.</p> <p>Балалар күз туралы білгендерін әнгімелеп беруге тырысады.</p> <p>Балалар әннің не туралы айтылғанын ұғып, соған орай жауап береді.</p> <p>Балалар аспаппен танысып, қолдарына алып, қызықтайты.</p> <p>Әуенге ілесіп, ойнауға тырысады.</p>

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: Күз құбылыстарын білуі.

Игереді: Алтын күз, жомарт күз, домбыра деген ұғымдарды.

Менгереді: Музыкаға ілесіп, ыргакпен аспапта ойнау дағдыларын.

(02.10.-29.10.2023ж) «Жауқазын» бөбекжай бақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж

Әдіскер: Шамғанова С. О. алғашкы 02.10.2023 ж.

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Сейсенбі – Бейсенбі МАД тобы "Толагай"**

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Балалардың іс-әрекеті
	<p>Зал іші күз мезгілін бейнелейтін суреттермен безендіріледі.</p> <p>Ай жапырақ, сары алтын, Айналамның бәрі алтын.</p> <p>Қуандырып біздерді, Сары алтын күз келді!</p> <p>Балалар, күз мезгілі сендерге ұнайды ма? Бәріміз күзгі баққа барайық.</p> <p>Марш (Е. Брусиловский) ойналып, балаларға шеңбер бойымен жүруді ұсынады. Балалар, күзгі баққа да келді! Бақ іші қандай тамаша! Сары түске боялыпты.</p> <p>Жұмбақ: Ағайынды бәрі, Шықса көк, Түссе сары. Бұл не? – Жапырақ.</p> <p>Музыка тындау Балалар, күзгі баққа да келді! Бақ іші қандай тамаша! Сары түске боялыпты.</p> <p>Күзгі жапырақтарды жинап алып, көңілді әуенмен би билейік. «Күзгі ән» П.И.Чайковский) биін уйрету. бақтағы ағаш жапырактары желмен тербеліп, сыйырласып тұрғандай.</p> <p>Суретін көрсету. Композитордың «Аққу көлі», «Гүлдер вальсі» және «Жыл мезгілдері» атты шығармалары бар. Ендеше «Күзгі ән» әуенінде не туралы айтатынын тындаїық.</p> <p>Шығарманың көңіл-күйі, сипаты қандай екен? Бұл әуеннен не сезіндіндер?</p> <p>Даудың жаттығуы: «Күзгі жапырақ» әніне жасалады. Терең тыныс алып, даудың еркін шығаруға үйретеді.</p> <p>Ән айту: «Алтын күз» (Б. Бисенова). Әнді музыка жетекшісі аспаппен сүйемелден үйретеді.</p> <p>Музыкалық-ырғактық қимылдар: Әуендерді ажыратады. Бірінші вальс, екінші полька, үшінші Қамажай әуендерін ажыратады дағыланады.</p> <p>Музыкалық аспапта ойнау: «Еркемай»</p>	<p>Балалар залға келіп күзгі көріністерді тамашалайды.</p> <p>Қуана келісіп, қатарласып, марш екпінімен жүреді. Күзгі көріністерді тамашалап, әңгімелейді. Шешпүі: Жапырақ.</p> <p>Күзгі жапырақтармен әуен ырғағымен билейді.</p> <p>Әуенді тындаған әсер алады. Мұнды, баяу, лирикалық әуен. Фраза арсында дұрыс тыныс алушы үйенеді.</p> <p>Әнді хормен және жеке даудың орындаиды.</p> <p>Әннен алған әсерлерін әңгімелейді.</p> <p>Әуендерді ажыратады.</p> <p>Әуенге ілесіп, ойнауға тырысады.</p>

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: Әнді бір қалыпты мәнерлеп айтуды, тындаған шығармасын сипатауды.

Игереді: Музыканы есту арқылы күз мезгілінің ерекшеліктерін ажыратады.

Менгереді: Әуендерді ажыратады.

(09.10.-13.10.2023ж) «Жауқазын» бөбекжай бақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж

Әдіскер: Шамғанова С. О. алғаштады 09. X.2023ж.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
Сейсенбі – Бейсенбі МАД тобы "Толагай"

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері

«Қазақ маршы» (А.Затаевич) ойналып, балаларға марш екпінін сезіне шенбер бойымен жүру.

Музыка тындау: «Саржайлау» күйін тындалу.

Балалар, күй-халық музыкасы. Күйді музыкалық аспаптарда ойнайды. Күй туралы түсінік беру.

Жұмбақ: Ұзын мойын екі ішек,

Қатар-қатар тепкішек.

Басып қалсаң бір-бірлеп,

Күй шығады күмбірлеп. Бұл не?

Күйші Тәттібет туралы әңгімелуе. Суретімен таныстыру. Шертпе күйшінің «Былқылдақ»,

«Сылқылдақ», «Көш жинаған» деген күйлері бар. Үнтаспадан тындалу. Күзгі жайлауды бейнелейтін суреттерді көрсетіп, әңгімелуе. Күйден алған әсерлерін сұрау.

Дауыс жаттығуы. «Саржайлау» күйінің әуеніне «ля» буынымен айту. Денелерін еркін, бос ұстап, дыбыстарды таза айтуға үйрету. «Домбыра» жаттығуы.

Домбыра, домбыра, Құлағын оң бұра! «Р» дыбысын анық, таза айтуға дағдыландырады.

Ән айту: «Күз жомарт» (Муз. Д. Ботбаев. Сөзі: Қ. Жұмағалиев). Әннен алған әсерлерін сұрау.

Неліктен күзді жомарт деген? Күзгі ауа-райы қалай суреттелген?

Әнді үйретіп, ля» буынымен әндете айту.

Музыкалық-ырғактық қимылдар: «Қазақ биі» (Л.Мусин). Әуеніне би қимылдарын үйретеді.

Ауыспалы адыммен жүргендерін, тұлғаларын түзу ұстауларын қадағалайды.

Музыкалық аспапта ойнау: «Еркемай»

Балалардың іс-әрекеті

Балалар шенбер бойымен нық баса адымдаш жүреді. Домбыра, күйші туралы мәлімет алады.

Сұрақтарға дұрыс жауап беруге тырысады.

Дауыс жаттығуларын таза, әндегіп айтады. Домбырада ойнау ишарасын жасайды. «Р» дыбысын анық айтуға машықтанады.

Әнді тындалап, мазмұнын айтуға тырысады.

Әннің әуеніне қосылып, «ля» буынын таза айтады.

Үйренген би қимылдарын жасайды.

Әуенге ілесіп, ойнайды.

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: Үлттық музыкалық шығармаларды танып білу, үлттық музыка аспаптардың дауысын ажыратуды, күйді тындалап, сипатын айыруды.

Игереді: Әуенге сай үлттық би қимылдарын үйреніп, еркін қозғалуы, биші, композиторлар туралы білуі.

Менгереді: Әнді динамикалық белгілеріне сай айта алуы әннің мазмұнын елестете әңгімелуі.

(16.10.-20.10.2023ж) «Жауқазын» бебекжай бақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж

Әдіскер: Шамғанова С. О. аллооол

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Сейсенбі – Бейсенбі МАД тобы "Толагай"

Үйымдастырылған іс-әрекеттер	Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Балалардың іс-әрекеті
	<p>Жетекші балаларды Б. Дәлденбайдың «Мерекелік марш» әуенімен қарсы алып, Жамбыл атындағы филармонияға сазгер, Н. Тілендиевтің шығармашылығымен танысуға баруды ұсынады. Үрғакты тыңдалап, бірдей жүруді сұрайды. Балаларға филармония кімнің атында және оркестрде қандай аспаптар бар екенін естеріне сақтауын сұрайды. «Театрда қалай отырамыз?» деп сұрап, әрі қарай шығарма тыңдауды ұсынады.</p> <p>Музыка тыңдау: «Жаңбыр жауды» (К. Куатбаев.) әуенін тыңдату. Әуендеңі жаңбыр дыбысын, тамшылар тырсылын естіп, не сезінгендерін әңгімелейді.</p> <p>Балаларға Н. Тілендиевтің суретін көрсетіп, таныстырады. Н. Тілендиев сазгер, күйші, дирижер екенін айттып, интерактивті тақтага назар аударады. Н. Тілендиев өмірінен, «Отыrap сазы» оркестрінің үзінділерді көруге шақырады. (сурет, ұntаспа арқылы таныстыруға болады).</p> <p>Музыканың түрлерін айттып түсіндіреді. Аспапта орындалатын шығармаларды тыңдайды.</p> <p>Музыка тыңдау: «Вальс» П.И. Чайковский. «Детская полька» М.Глинка. «Ақку» Н.Тілендиев. Дауыс жаттығуы «Менің елім» Г.Абрахманова.</p> <p>Ән үйрену: «Алатау» Н.Тілендиев. ұntаспаны қойып үйретеді. Әннің мазмұнын түсіндіреді.</p> <p>Би: «Асатаяқ» биіне қыздарды шақырады. Н. Тілендиевтің «Ата толғауы» күйін тыңдай жүріп, үрғакты қайталауды үйретеді. Н. Тілендиевтің «Әлқисса» күйін ұntаспада тыңдатып балаларға қайырмасында ырғақпен ұрмалы, ксилофон аспаптарымен жеке жұмыс жасап үйретуге болады.</p> <p>Ойын: «Уш би» би түрлерін текше арқылы ажыратуға үйрету. «Аспаптардың дыбысын ажырат»</p> <p>«Музыкалық аспапта ойнау: «Еркемай»</p>	<p>«Мерекелік марш» әуенін тыңдауға, ыргағын сезінуге тырысады. Дирижер Н. Тілендиевтің шығармасына ырғақпен жүріп баруға тырысады. филармонияны, аспаптарды еске түсіреді. Балалар әдепті болуға тырысады. Балалар сазгер Н. Тілендиевтің шығармаларын тыңдайды, қарайды, сазгер, дирижер деп айтуда тырысады. Балалар музыка түрлерін көгілдір экраннан көреді, есте сақтауға тырысады. балалар ойынға қатысады, жауап беруге талпынады.</p> <p>Музыка түрлерін вальс, полька, «Ақку» биін, текшеге қарап, ажыратып айтуда талпынады. Дауыс жаттығуын ілесе таза айтуда талпынады. Балалар «Алатау» әнін тыңдайды. «Қуанышты, жігерлі ән» екенін айтуда тырысады.</p>

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: Музыкалық шығармаларды тыңдалап, сипатын ажыратада білуі керек. Әнді мәнерлеп айта біледі.

Игереді: дидактикалық үlestірмелі текшелерді пайдалана біледі. Аспаптарды тыңдалап, дауысын ажыратада білуді, аспапта ойнауды.

Менгереді: музыканы тыңдалап, би үрғақтарына қимылдауды.

16. 10. 2023 ж.

(23.10.-27.10.2023ж) «Жауқазын» бөбекжай бақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж

Әдіскер: Шамғанова С. О. Аллағаш

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Сейсенбі – Бейсенбі МАД тобы "Толагай"

Үйымдастырылған іс-әрекеттер	Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Балалардың іс-әрекеті
	<p>Жетекші балаларды Б. Дәлденбайдың «Мерекелік марш» әуенімен қарсы алғып, Жамбыл атындағы филармонияға сазгер, Н. Тілендиевтің шығармашылығымен танысуға баруды ұсынады. Үрғақты тыңдау, бірдей жүруді сұрайды. Балаларға филармония кімнің атында және оркестрде қандай аспаптар бар екенін естерауын сұрайды. «Театрда қалай отырамыз?» деп сұрап, әрі қарай шығарма тыңдауды ұсынады.</p> <p>Музыка тыңдау: «Жаңбыр жауды» (К. Қуатбаев.) әуенін тыңдату. Әуендеңі жаңбыр дыбысын, тамшылар тырсылын естіп, не сезінгендерін әңгімелейді.</p> <p>Балаларға Н. Тілендиевтің суретін көрсетіп, таныстырады. Н. Тілендиев сазгер, күйші, дирижер екенін айтЫП, интерактивті тақтаға назар аударады. Н. Тілендиев өмірінен, «Отырар сазы» оркестрінің үзінділерді көруге шақырады. (сурет, үнтаспа арқылы таныстыруға болады).</p> <p>Музыканың түрлерін айтЫП түсіндіреді. Аспапта орындалатын шығармаларды тыңдайды.</p> <p>Музыка тыңдау: «Вальс» П.И. Чайковский. «Детская полька» М.Глинка. «Аққу» Н.Тілендиев. Дауыс жаттығуы «Менің елім» Г.Абдрахманова.</p> <p>Ән үйрену: «Алатау» Н.Тілендиев. үнтаспаны қойып үйретеді. Әннің мазмұнын түсіндіреді.</p> <p>Би: «Асатаяқ» биіне қыздарды шақырады. Н. Тілендиевтің «Ата толғауы» күйін тыңдай жүріп, ырғақты қайталауды үйретеді. Н. Тілендиевтің «Әлқисса» күйін үнтаспада тыңдатып балаларға қайырмасында ырғақпен ұрмалы, ксилофон аспаптарымен жеке жұмыс жасап үйретуге болады.</p> <p>Ойын: «Уш би» би түрлерін текше арқылы ажыратуға үйрету. «Аспаптардың дыбысын ажырат»</p> <p>«Музыкалық аспапта ойнау: «Еркемай»</p>	<p>«Мерекелік марш» әуенін тыңдауға, ырғағын сезінуге тырысады. Дирижер Н. Тілендиевтің шығармасына ырғақпен жүріп баруға тырысады. филармонияны, аспаптарды еске түсіреді. Балалар әдепті болуға тырысады. Балалар сазгер Н. Тілендиевтің шығармаларын тыңдайды, қарайды, сазгер, дирижер деп айтуда тырысады. Балалар музыка түрлерін көгілдір экраннан көреді, есте сақтауға тырысады. балалар ойынға қатысады, жауап беруге талпынады.</p> <p>Музыка түрлерін вальс, полька, «Аққу» биін, текшеге қарап, ажыратып айтуда талпынады. Дауыс жаттығуын ілесе таза айтуда талпынады. Балалар «Алатау» әнін тыңдайды. «Қуанышты, жігерлі ән» екенін айтуда тырысады.</p>

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: Музыканы тыңдауды, сипатын ажыратуды, әнді мәнерлеп айтуды.

Игереді: Ноталарды сыйықтарға дұрыс орналастыруды.

Менгереді: Ұлттық қимылдарды, музыка әуенін сезіне билеуді.

23. X. 2023 ж.

(30.10.-3.11.2023ж) «Жауқазын» бөбекжай бақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж

Әдіскер: Шамғанова С. О.

алласыр

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Сейсенбі – Бейсенбі МАД тобы "Толагай"

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері

Жетекші балаларды «Елім менің» әнімен кіргізеді, амандасады.
«Жалаумен жаттығу» - 3 қатарға тұрғызып, үлкен шеңбер жасап үйренеді.

Герб пен ту туралы әнгімелеп береді. Гимнді айтуды ұсынады.

Музыка тындау: «Қазақстан жалауы» (Д.Омаров. С. Қалиев). Балаларды отырғызып, әнді айтып береді. «Қазақстан жалауы» әнінің ыргағы қандай?

-Бұл әнде жоғары дыбыс бар ма, қай жерінде? -Қысқа және ұзақ дыбыстар бар ма?
- «Паравоз ұзақ гүлдейді және қысқа дыбыс береді. Әнде де дәл солай, қысқа, ұзақ дыбыстар бар» деп түсіндіреді.

«Музыкалық аспапта ойнау: Қолдарына кішкентай таяқшалар, алдына жастықшалар береді. «Қазақстан жалауы» әнін айтады. Балаларға таяқшаны ұрғызып, ыргақты сезінуін ұсынады.

«Көк ас-пан-да көкпенбек». -Қай жерінде ұзақ дыбыс бар?

2-3 мәрте негізгі буын, бас буын, соңғы буынды айтады.

-Енді ән айтып, дауысымызды жаттықтырайық.

Ән үйрену: «Елтаңбасы елімнің» (Д.Омаров. С. Қалиев): Би билейік, қозғалайық, қуанайық. Шабу, тізелерін көтеріп жүру, т.б. Жетекшінің тандауымен қыран құстың дыбысын пайдалану. Батырлар биін үйретеді.

Ойын: «Қандай ыргақ?»

Балалардың іс-әрекеті

Балалар жалаушамен, жүруді, қатарға тұруды менгереді, шенбермен жүріп, жаттығу жасайды.

Әздері білетін ел, жер туралы, Отан туралы мақал-мәтелдерін айтады. Герб пен Ту туралы тақпактар айтып береді. Әннің ыргағы орташа, салмақты.

Жоғары дыбыстан басталады.

Балалар дыбысты салады.

Гу-у-у-у- ұзак,

Гу-у қысқа.

Балалар таяқшамен жастықшаларды ұрп, ыргақты сезінеді.

Соңғы буында.

Дауыс жаттығуын жасап, ән айтуда тырысады.

Әнді бірге айтып үйреніп, оған қоса қимылдарды да жасауга тырысады. Балалар үрмалы аспаптарда қызыға ойнайды. Балалар ойынға белсене қатысады.

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: Музыканы тыңдап, ұзақ, қысқа, жуан, жіңішке дыбыстарды ажырату.

Игереді: Жалаушамен жаттығуды музыкамен жүріп жасау, музыканы тыңдап, жалаушаны көтеру. Таяқшамен ыргақты сезініп, қағуды үйрену.

Менгереді: Музыкамен аттың шабысын, батырлардың қимылын жасауды.

30. X. 2023 ж.

(6.11 – 10.11.2023ж) «Жауқазын» бөбекжай бақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж

Әдіскер: Шамғанова С. О.

Селло оркестр

06.11.2023 ж.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері

Жетекші балаларды «Елім менің» әнімен кіргізеді, амандасады.

Музыка тындау: «Тұған ел» әнін Л. Хамиди отырып тындаиды.

Әнді кім жазады?

Дидактикалық ойын: «Ноталарды орналастыр». Ноталар қандай болады?

Музыкалық дыбыс қанша нотадан тұрады? Осы ноталарды құрастырып, ән, шығармаларды жазатын адамды сазгер дейміз. Қазақ ССР не еңбегі сіңген қайраткер, балалардың досы Латиф Хамиидидің суретін көрсетіп, таныстырады. Л. Хамиидидің жазған әндері өте көп. Оның ішінде ІІ. Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылышқы» өлеңіне ән жазған, тағы да көптеген әндері бар.

(Нота сзықтары мен ноталар)

«Соль, фа, ми, ре, до, до. Ән саламын өз-ге-ше»- деп әндетіп, күйсандықта тартады.

Мен жаттығуды қалай орындаым, - деп сұрайды. Қолымен жоғарыдан төменге сермен көрсетеді. Ең жоғары қай нота?

- Соль нотасын мен айтамын, сендер әрі қарай жалғастырасындар.

- Соль нотасын екінші сзыққа қоямыз, ал, қалғанын өздерің орналастырындар.

Дауыс жаттығуы: «Жаттығамыз өзгеше» (И.Нұсіпбаев, Г.Абдрахманова).

Музыкалық аспапта ойнау: «Еркемай»

Балалардың іс-әрекеті

Балалар жалаушамен, жұруді, қатарға тұруды менгереді, шенбермен жүріп, жаттығу жасайды. «Тұған жер» өлеңін еске түсіріп, айтуға тырысады.

Сазгер.

Балалар ойынға белсене қатысады.

Балалар ноталарды еске түсіреді. Қысқа. Ұзақ.

Жеті нотадан тұрады. Жоғарыдан төменге. Сольдан кейін, фа, ми, ре, до.

Фа, ми, ре, до.

Дауыс жаттығуын бірте-бірте жоғары, бірте-бірте төмен айтуға үйренеді.

Сзықтарға дұрыс орналастыруға талпынады.

Әуенге ілесіп, ойнайды.

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: Музыканы тындауды, сипатын ажыратуды, әнді мәнерлеп айтуды.

Игереді: Ноталарды сзықтарға дұрыс орналастыруды.

Менгереді: Ұлттық қимылдарды, музыка әуенін сезіне билеуді.

(13.11 – 17.11.2023ж) «Жауқазын» бөбекжай бақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж

Әдіскер: Шамғанова С. О. 13.11.2023н.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Сейсенбі – Бейсенбі МАД тобы "Толагай"

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері

Жетекші балаларды «Елім менің» әнімен кіргізеді, амандасады.

Музыка тыңдау: «Тұған ел» әнін Л. Хамиди отырып тыңдайды.

Әнді кім жазады?

Дидактикалық ойын: «Ноталарды орналастыр». Ноталар қандай болады?

Музыкалық дыбыс қанша нотадан тұрады? Осы ноталарды құрастырып, ән, шығармаларды жазатын адамды сазгер дейміз. Қазақ ССР не еңбегі сіңген қайраткер, балалардың досы Латиф Хамидидің суретін көрсетіп, таныстырады. Л. Хамидидің жазған әндері өте көп. Оның ішінде Ы. Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық» өлеңіне ән жазған, тағы да көптеген әндері бар.

(Нота сзықтары мен ноталар)

«Соль, фа, ми, ре, до, до. Ән саламын өз-ге-ше»- деп әндетіп, күйсандықта тартады.

Мен жаттығуды қалай орындаадым,- деп сұрайды. Қолымен жоғарыдан төменге сермелеп көрсетеді. Ең жоғары қай нота?

- Соль нотасын мен айтамын, сендер әрі қарай жалғастырасындар.

-Соль нотасын екінші сзықта қоямыз, ал, қалғанын өздерің орналастырындар.

Дауыс жаттығуы: «Жаттығамыз өзгеше» (И.Нұсіпбаев, Г.Абдрахманова).

Музыкалық аспапта ойнау: «Еркемай»

Балалардың іс-әрекеті

Балалар жалаушамен, жүруді, қатарға тұруды менгереді, шеңбермен жүріп, жаттығу жасайды. «Тұған жер» өлеңін еске түсіріп, айтуға тырысады.

Сазгер.

Балалар ойынға белсene қатысады.

Балалар ноталарды еске түсіреді. Қысқа. Ұзақ.

Жеті нотадан тұрады. Жоғарыдан төменге. Сольдан кейін, фа, ми, ре, до.

Фа, ми, ре, до.

Дауыс жаттығуын бірте-бірте жоғары, бірте-бірте төмен айтуға үйренеді.

Сзықтарға дұрыс орналастыруға талпынады.

Әуенге ілесіп, ойнайды.

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: Музыканы тыңдауды, сипатын ажыратуды, әнді мәнерлеп айтуды.

Игереді: Ноталарды сзықтарға дұрыс орналастыруды.

Менгереді: Үлттық қимылдарды, музыка әуенін сезіне билеуді.

(20.11 –24.11.2023ж) «Жауқазын» бөбекжай бақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж

Әдіскер: Шамғанова С. О. алғашт 20. XI. 2023 ж.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Сейсенбі – Бейсенбі МАД тобы "Толагай"

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері

Балалар педагогпен бірге келеді, Әртүрлі ырғақты қимылдарды жасатып, жаттықтыру.

Жетекші: Сә-ле-мет-сіз-дер ме ба-ла-лар!-деп, амандасады.

Балаларды қысқы орманға шақырады. Қысқы орманның жіңішке, жуан, сабырлы да, ақырын, көңілді, көңілсіз жолдары болады екен. Олай болса, қысқы орманға аттанайық. Оған баруымызға бізге музыка көмектеседі.

Музыка тындау: 1. П.И.Чайковскийдің «Желтоқсан» шығармасы.

2. Қ.Шілдебаевтың «Жаңа жыл» әні.

3. Қ.Куатбаевтың «Балдырғандар» маршын тындалатады.

Шығармалардың сипаты аудысқанда, әртүрлі қимылдар жасап журу керегін үйретеді. П.И.Чайковскийдің «Желтоқсан» шығармасында, біз қандай жолмен жүрдік? Жарайсындар, балалар, орманда ешкім қалып қойған жоқ па?

-Балалар, қысқы орманның жаңғырған дыбысы өте таза, - деп, балаларды шенберге тұрғызып, «Музыка жаңғырығы» жаттығуын жасауды ұсынады. (М.Андреева.) Балалардың орман құбылысына көңіл бөлуін сұрайды, (кішкентай шыршаны алдын-ала дайындал қояды.) «Шырша» әнін айтады. Әннің жылдам, көңілді әуенін үйрене отырып, ырғақтың суреттеріне мән бере, таза айтуда дағдыландырып, дыбыс биіктігін ажыратады.

Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы: «Еркемай»

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: Музыканы тындал, ұзак, қысқа, жуан, жіңішке дыбыстарды ажырату.

Игереді: Жаттығуды музыкамен жүріп жасау, музыканы тындау.

Менгереді: Музыкамен аттың шабысын, батырлардың қимылын жасауды.

Балалардың іс-әрекеті

Балалар залға еркін кіріп жеңіл би ырғақтарына жаттығып, үйренеді.

Сә-ле-мет-сіз бе! Балалар музыканың сипатын, тембрін есіне түсіруге тырысады. «Желтоқсан» шығармасында «вальс» ырғағымен жүруге тырысады. «Жаңа жыл» әнінде орындыққа отырып, қолдарын, онғасолға бұлғайды. «Балдырғандар» маршын тындал, ырғағын қағады.

«Вальс»-сабырлы,

«Балдырғандар» маршы-көңілді.

«Жаңа жыл»-әсерлі.

Балалар шенберге тұрып, дауыс жаттығуын айтады. Әннің көңілді, жылдам, ырғақтарына мән беріп таза айтуда тырысады.

Дыбыс биіктігін ажыратуда талпынады.

Әуенге ілесіп, ойнайды.

(27.11 – 1.12.2023ж) «Жауқазын» бөбекжай бақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж

Әдіскер: Шамғанова С. О. *аллоадер* 24.11.2023 ж.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Сейсенбі – Бейсенбі МАД тобы "Толагай"

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Балалардың іс-әрекеті
<p>Балалар педагогпен бірге келеді, Әртүрлі ырғакты қымылдарды жасатып, жаттықтыру.</p> <p>Жетекші: Сә-ле-мет-сіз-дер ме ба-ла-лар!-деп, амандасады.</p> <p>Балалар, айтындаршы, нениң дыбысы шығып жатыр? (Аязата мұздармен ойнайды, ұшпалар ұшады, қыраулар қатады). Балаларды тұрғызып, тыныс жаттығуына шақырады. Әуеде ұшқан ұшқындарды қағып алыш, тыныс шығарамыз.</p> <p>Музыка тындау: «Жаңа жыл» (К.Шілдебаев, Е.Елубай).</p> <ul style="list-style-type: none"> -Әнді тындағанда қандай көніл-күйде отырдындар? -П.И.Чайковскийдің «Қантар» шығармасын тындал, салыстырып көрейік. Қандай ерекшеліктері бар? Қандай дыбыстарды естисіндер? -«Жаңа жыл» әнінен қандай айырмашылығы бар? -Кыста сұық, боран болғанда қандай дыбыстар шығады? -Енді «у» деген дыбысқа глиссандо жасап үйренейік. Глиссандо жоғары дыбыстан төменгі регистрге дейін «у» дыбысына түседі. Екі рет «о» дыбысына түседі. <p>Енді дыбыстарды үзіп-үзіп айтуда тырысайық.</p> <p>Дауыс жаттығуы: «Қыс».</p> <p>Ән үйрену: «Ақша қар» (Е.Өміров, К. Жәленова) әнін айтыш үйренуді ұсынады. әнді орындан береді, қандай сипатта екенін сұрайды.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы: «Полька» (А.Филиппенко).</p>	<p>Балалар залға еркін кіріп жеңіл би ырғактарына жаттығып, үйренеді. Сә-ле-мет-сіз бе! Балалар музыканың сипатын, тембрін есіне түсіруге тырысады.</p> <p>Көз алдарына қыс құбылыстарын елеңтетуге тырысады. тыныс жаттығуын дұрыс жасауға тырысады..</p> <p>Балалар «Қыс» жаттығуын, «Жаңа жыл» әнін айтуда талпынады.</p> <p>Көнілді отырдық. «Қантар» шығармасын тындейді.</p> <p>«Жаңа жыл» әнін дауыстап айтады.</p> <p>Балалар әнді тындал, сипатын ажыратуға тырысады.</p> <p>У-у-у-у, «О» дыбыстарына глиссандо жасауға тырысады.</p> <p>О-о-о-оо, «У» дыбыстарын үзіп айтуда тырысады. талпынады.</p> <p>Әуенге ілесіп, ойнайды.</p>

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: Музыкадағы дыбыс жоғарылығын, ырғактың мәнерлілігін ажырату, әннің ырғағын сақтау.

Игереді: Музыка мен дауыс жаттығуларын айтуды, глиссандо жасауды, үзіп айтуды. Шығарманы дұрыс табуды.

Менгереді: Вальс ырғағымен жүруді, сезіне билеуді.

(4.12 – 8.12.2023ж) «Жауқазын» бөбекжай бақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж

Әдіскер: Шамғанова С. О. Алғасов
04.11.2023 т.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Сейсенбі – Бейсенбі МАД тобы "Толагай"

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Балалардың іс-әрекеті
	<p>Балалар педагогпен бірге келеді, Әртүрлі ырғақты қимылдарды жасатып, жаттықтыру.</p> <p>Жетекші: Сә-ле-мет-сіз-дер ме ба-ла-лар!-деп, амандасады.</p> <p>Жетекші балаларды қарсы алыш, «Сәлемдесу жаттығуын» жасайды.</p> <p>Музыка тыңдау: «Жаңа жыл» (Қ.Шілдебаев, Е.Елубай).</p> <p>–Әнді тыңдағанда қандай көңіл-күйде отырдыңдар?</p> <p>–«Марш» пен «Полька» ырғақтарын есімізге түсірейік,-деп, шығармаларды тыңдатып, ауыстырады. Балалардың өз еркімен музыканы тыңдалап, ажыратуына, билеуіне ерік береді. А.Вивальдидің «Қыс» концертін ұntаспада тыңдатып, шығарманы сипаттап беруді ұсынады.</p> <p>Дауыс жаттығуы: «Қыс».</p> <p>Ән үйрену: «Қыс қызығы» әнін орындал беріп, 2-3 рет қайталатып, үйретеді. Ойын: «Ән салған кім?» (А.Райымқұлова. А.Асылбек.) Балалар шенбер құрып отырады. Бір бала шеттен, теріс қарап отырады. Балалардың жеке ән салғанын тыңдалап, кім екенін табу.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы: «Полька» (А.Филиппенко).</p> <p>Ойын: «Жылдам құрастыр».</p> <p>Балалардан, дайын қылған «Аязата», «акқала», «шырша» ойыншықтар араласып жатқан сандықшаны ашуды сұрайды. Әуен аяқталғанша бітіріндер» деген тапсырма береді.</p>	<p>Балалар залға еркін кіріп жеңіл би ырғақтарына жаттығып, үйренеді. Сә-ле-мет-сіз бе</p> <p>«Марш» пен «Полька» ырғақтарын ажыратуға тырысады. балалар жайғасып отырып, , тыңдайды, естеріне түсіреді. Сипаттап айтуда тырысады. (жігерлі, ашулы, аязды.)</p> <p>Әуенге ілесіп, ойнайды.</p> <p>Балалар сандықшаны ашып, қындыларды еденге жайып тастап, музыканы тыңдай отыра, құрастыруға тырысады.</p>

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: Музыканы қызығып тыңдауды, сипатын ажыратуды.

Игереді: Музыкамен дауыс жаттығуын айтуды. «Қандай толқын» дидактикалық ойынын ойнауды.

Менгереді: Музыканы тыңдалап, «марш», «полька», «вальс» ырғақтарына еркін қимылдауды.